


Бөлім:	Сөз және оның мағынасы			
Педагогтің аты- жөні:	Тыныбекова Гулсим Дауренбековна			
Күні:	2025			
Сынып:	Қатысушылар саны: 18		Қатыспағандар саны: 18	
Сабақтың тақырыбы	Бәсіре. Бас әріптен басталып жазылатын сөздер			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	<p>1.2.5.1 мұғалімнің қалауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру;</p> <p>1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу;</p> <p>1.4.1.3 бас әріптен басталып жазылатын сөздерді (кісі аттары, жер-су атаулары, жануарларға арнайы қойылған аттар) анықтау</p>			
Сабақтың мақсаты	<p>Мұғалімнің қалауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап береді.</p> <p>Жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазады.</p> <p>Бас әріптен басталып жазылатын сөздерді (кісі аттары, жер-су атаулары, жануарларға арнайы қойылған аттар) анықтайды.</p>			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	<p>Психологиялық ахуал. «Шаттық шеңбері»</p> <p>Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық, достарым, Арайлап атқан күнге.</p> <p>– Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!</p>	<p>Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.</p>		Таныстырылым
Ортасы	<p>Оқушылар ортадағы алмаларды алып, алмағашына жабыстыру арқылы сары, жасыл және қызыл алма болып топқа бөлінеді.</p> <p>Ширату тапсырмасы</p>	<p>Ширату тапсырмаларын орындайды.</p> <p>«Білім алушы» Топпен жұмыс:</p> <p>– бірінші буыны «Ай» болып</p>		Алманың суреті

	<p>1- топ. Гүл күлтесіне Ай-дан басталатын кісі аттарын жаз.</p> <p>2- топ. Гүл күлтесіне Гүл-ден басталатын кісі аттарын жаз.</p> <p>3- топ. Қала аттарын жаз.</p> <p>1-жаттығу. «Бәсіре» мәтіні</p> <p>Автор туралы. Әдібай Табылды 1926 жылы Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы Жаңатұр- мыс ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын мұғалім болудан бастаған. Балаларға арнап 31 кітап шығарған.</p>	<p>келетін кісі аттарын жазады;</p> <p>– бірінші буыны «Гүл» болып келетін кісі аттарын жазады;</p> <p>– қала аттарын жазады.</p> <p>Сұрақтарға толық жауап береді.</p>	<p>ҚБ.</p> <p>«Отшашу»</p> <p>арқылы бағалау.</p>	<p>Әли мен Айя</p> <p>«Бәсіре деген не?»</p>
	<p>Мәтін не туралы деп ойлайсыңдар?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мұғалім оқушылардың назарын өзіне аударады. 2. Мәтінді өзі оқиды. 3. Жеке оқушыларға оқытады. 4. Мазмұнына байланысты тапсырмалар орындайды. <p>– Мәтін не туралы?</p> <p>– «Бәсіре» дегенді қалай түсінесіңдер? Мәтіннен сөйлем ішінде бас әріптен басталып жазылған сөздерді табады. Олар неліктен бас әріптен басталып жазылған?</p> <p>«Сұрақ-жауап»</p> <ul style="list-style-type: none"> – Балалар, біз қазақ халқының қандай салт-дәстүрі туралы білдік? – Бәсіре деген не? – Бекжанға бәсіреге қай малды атады? – <i>Қарақасқа</i> сөзі қандай әріппен жазылған? Олай 	<p>Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға толық жауап береді.</p>		<p>«Стоп кадр».</p> <p>Бәсіре туралы Әли мен Айяның бейнесюжетінен үзінді көрсету.</p>

	<p>болса, өзіміз ойымызды қорытындылайықшы.</p> <p>Үй хайуанаттары мен жануарларына қойылған аттар қандай әріппен жазылады?</p> <p>(Балаларға ереже дайын күйінде берілмейді. Оқушыларды өз ойларынан қорытынды жасауға жетелейді.)</p> <p>Ереже: Үй хайуанаттары мен үй жануарларына қойылған аттар бас әріптен басталып жазылады: Ақтөс, Мойнақ, Байшұбар.</p> <p>Дәптермен жұмыс</p> <p><i>Жазылым ерекшелігі:</i> дұрыс отырғызу, дәптердің көлбеу орналасуы және жазу кезінде қаламды ұстай білуді қалыптастыру.</p> <p>2-жаттығу. Жаңылтпашты QR кодпен тыңдатады. Көркем жазғызады.</p> <p>Артикуляциялық жаттығу. «Ашуланған мысық». 3-жаттығу. Суретке қарап, жануарлардың аты қандай әріптен басталып жазылғанын айтқызады.</p>	<p>Ережеге мысал келтіреді.</p> <p>Жазу жолының жоғары және төменгі сызықтары мен тік көлбеу сызықта- рынан шықпау. Әріптерді байланыстырып жазу.</p> <p>Көркем жазу</p> <p><i>Құсбегі, бәсіре</i> сөздерін көркем жазады.</p> <p>2- жаттығу. Жаңылтпашты тыңдайды. Жазады.</p> <p>Жаттайды. Үш реттен айтып жарысады.</p> <p>3- жаттығу. Сөйлемдерді оқиды. Үй жануарларының аттары бас әріппен жазылғанын айтады.</p>		<p>Артикуляциялық жаттығулар</p>
--	--	--	--	----------------------------------

	Шығармашылық жұмыс. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.	Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазады.		
Соңы	Төрт түлік туралы жұмбақтарды айтады. Көкке шаншып құйрығын, Келеді шауып жүйрігім. <i>(Құлыншақ)</i>	Жұмбақтарды шешеді. Шешуін тақтаға кезектесе жазады.	ҚБ. «Отшашу» арқылы бағалау.	
Кері байланыс	Рефлексия. «Білім қоржыны» арқылы кері байланыс жасалады. Барлығын Маған кө- Ешнәрсе түсіндім. мек керек. түсінбедім. 	Сабақтан алған әсерлеріне кері байланыс береді.	«Білім қоржыны» кері байланысы.	